



201__ жылғы _____

Астана, Үкімет Үйі

от «__» _____ 201__ года

№ _____

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаты
Ә. Бектұрғановқа

2019 жылғы 2 қазандағы № ДС-141
депутаттық сауалға

Құрметті Әбдіманап Елікбайұлы!

Сіздің жоғары білім беруді кредиттік-жан басына қаржыландыру контексінде білім беру грантының құрылымын қалыптастыру әдістемесін қайта қарау қажеттілігіне қатысты депутаттық сауалыңызды қарап, мынаны хабарлаймыз.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 62-бабына сәйкес мемлекеттік білім беру кәсіпорындарын, басқа да ұйымдық-құқықтық нысандардағы білім беру ұйымдарын қаржыландыру **мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде жүзеге асырылады және оның көлемі жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру бойынша айқындалады.**

Бұл ретте, білім беру қызметінің нормативі¹ білім беру процесіне байланысты шығыстар (білім беру процесіне қатысатын қызметкерлердің еңбекақы қоры, оқу шығыстары) мен білім беру ортасына қажетті шығыстар (білім беру процесіне қатыспайтын қызметкерлердің еңбекақы қоры, ғимараттарды ұстау және қызмет көрсету шығыстары) енді.

Сіздің грант құнынан білім беру ортасына шығындарды шегеру жөніндегі ұсыныстарыңызға қатысты, оны қабылдау коммерциялық емес акционерлік қоғам нысанындағы жоғары оқу орындарының толық қаржыландырылмауына (білім беру ортасы шығыстарына қаражатты орналастыру мүмкіндігінің болмауынан), олардың материалдық-техникалық базасының нашарлауына, шығындардың болуына, грант құнының төмен мөлшеріне байланысты мемлекеттік білім беру тапсырысынан жеке меншік жоғары білім ұйымдарының бас тартуына әкеп соғуы мүмкін, бұл жастардың жоғары білім алуға қол жеткізуіне теріс әсер етеді.

¹ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын есепке алғандағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы №597 бұйрығы

Қазіргі таңда жоғары білімнің қолжетімділігін арттыру, жастардың шетелдік жоғары оқу орындарына кетуін болдырмау мақсатында республикалық бюджет есебінен қаржыландыру жыл сайын бөлінетін мемлекеттік тапсырыстың көлемін ұлғайтуға бағытталған. Осылайша, ұлғаю 2017 жылы 10 мың орынды, 2018 жылы 20 мың орынды құрады. Осы мақсаттарға республикалық бюджеттен қосымша 2017 жылы – 603,3 млн.теңге, 2018 жылы – 4 959,5 млн.теңге, 2019 жылы – 22 681,1 млн.теңге бөлінді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасын 2015 – 2019 жылдарға арналған индустриалды-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде еліміздің 11 жоғары оқу орны жалпы сомасы 6 млрд.теңге болатын 49 заманауи оқу-зерттеу зертханаларымен жарақтандырылды. Қазіргі таңда Дүниежүзілік банк қаражаты есебінен 7 педагогикалық жоғары оқу орнының материалдық-техникалық базасын нығайту жүзеге асырылуда.

Сонымен бірге, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жоғары оқу орындарының академиялық және басқару дербестігін кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңында жоғары оқу орындарына басқарушылық және қаржылық дербестік берілді, олар коммерциялық емес акционерлік қоғам болып қайта құрылды және қаражаттарды тарту мен қаржы қаражатын жұмсауға, оларды жоғары оқу орнын дамыту үшін жинақтауға қабілетті. Қазіргі уақытта, жоғары оқу орындарындағы 50-90 % табыс жоғары оқу орны айқындайтын ақылы білім беру қызметтері есебінен қалыптастырылады.

Осыған орай, бүгінде мемлекеттің саясаты жоғары оқу орындарына академиялық және қаржылық бостандық беруге бағытталған және олардың материалдық-техникалық ұстауы жеке меншік қаражат есебінен жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, менің өкіміммен Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Б.М. Сапарбаевтың төрағалығымен Жоғары оқу орындарын оңтайландыру мәселелері жөніндегі комиссия құрылды. Аталған комиссияның негізгі міндеті жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың сапасын, оның ішінде тұрақты қаржыландыру есебінен арттыру туралы ұсыныстар мен ұсынымдарды әзірлеу болып табылады.

Жалпы алғанда, көрсетілген бағыттардағы жұмыс жалғасады және Үкіметтің тұрақты бақылауында.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

А. Мамин

Депутату
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
А.Е. Бектурганову

На № ДС-141 от 2 октября 2019 года

Уважаемый Абдиманап Еликбаевич!

Рассмотрев Ваш депутатский запрос относительно необходимости пересмотра методики формирования структуры образовательного гранта в контексте кредитно-подушевого финансирования высшего образования, сообщаем следующее.

Согласно статье 62 Закона Республики Казахстан «Об образовании» финансирование государственных предприятий образования, организаций образования других организационно-правовых форм осуществляется *на основе государственного образовательного заказа и его объем определяется по подушевому нормативу финансирования.*

При этом норматив образовательной услуги² включает в себя расходы, связанные с образовательным процессом (*фонд оплаты труда работников, участвующих в образовательном процессе, учебные расходы*) и расходы, необходимые для образовательной среды (*фонд оплаты труда работников, не участвующих в образовательном процессе, а также расходы на обслуживание и содержание помещений и т.д.*).

Относительно Вашего предложения по вычленению из стоимости гранта расходов на образовательную среду, необходимо отметить, что его принятие может привести к недофинансированию вузов в форме некоммерческих акционерных обществ (из-за невозможности размещения средств на образовательную среду), ухудшению их материально-технической базы, образованию убыточности, отказу частных организаций высшего образования от получения государственного образовательного заказа в связи с низким размером стоимости гранта, что негативно отразится на доступе молодежи к получению высшего образования.

На сегодняшний день в целях повышения доступности высшего образования, предотвращения оттока молодежи для обучения в зарубежных вузах финансирование за счет республиканского бюджета сконцентрировано на увеличении объема ежегодно выделяемого государственного заказа. Так, в 2017 году увеличение составило 10 тысяч мест, в 2018 году - 20 тысяч мест. На эти цели дополнительно из республиканского бюджета выделены средства в 2017 году - 603,3 млн. тенге, в 2018 году - 4 959,5 млн. тенге, в 2019 году - 22 681,1 млн. тенге.

Кроме того, в рамках Государственной программы индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2015 - 2019 годы 11 вузов

² Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 27 ноября 2017 года № 597 «Об утверждении Методики подушевого нормативного финансирования дошкольного воспитания и обучения, среднего, технического и профессионального, послесреднего образования, а также высшего и послевузовского образования с учетом кредитной технологии обучения»

страны оснащены 49 современными учебно-исследовательскими лабораториями на общую сумму 6 млрд. тенге. В настоящее время осуществляется укрепление материально-технической базы 7 педагогических вузов за счет средств Всемирного банка.

В то же время, Законом Республики Казахстан от 4 июля 2018 года «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам расширения академической и управленческой самостоятельности высших учебных заведений» вузам предоставлена управленческая и финансовая самостоятельность, они преобразованы в некоммерческие акционерные общества и способны самостоятельно привлекать и расходовать финансовые средства, аккумулировать их для развития вуза. В настоящее время в высших учебных заведениях 50 - 90 % доходов формируется за счет платных образовательных услуг, стоимость которых определяется вузом.

Таким образом, на сегодня политика государства направлена на предоставление академической и финансовой свободы вузам и их материально-техническое содержание осуществляется за счет собственных средств.

Одновременно сообщаю, что моим распоряжением при Правительстве Республики Казахстан создана Комиссия по вопросам оптимизации высших учебных заведений под председательством Заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан Б.М. Сапарбаева. Основной задачей данной комиссии является выработка предложений и рекомендаций по повышению качества подготовки кадров с высшим образованием, в том числе за счет обеспечения устойчивого финансирования.

В целом, работа в указанных направлениях продолжается и находится на постоянном контроле Правительства.

**Премьер-Министр
Республики Казахстан**

А. Мамин

исп. А.Т. Муйтунова
Тел. 75-00-58